

Христиан дінінің негізгі ағымдары

- **Христиан діні** (гр. *Χριστός, Khristos*, сөзбе-сөз аудармасы *мәсіхтелгендер*) Ибраһимдік дін (грекше Χριστός (Khristós) ағылшын тілінде 'anointed' - орыс тілі 'помазанный' - қазақша 'басты уқалау, сулау немесе басқа мәсіһ шалу') — Христостың өмірі мен Жаңа Өсиет іліміне негізделген монотеистік дін ^[1] .
- Әлем бойынша ең көп таралған дін. Шамамен 2.2 млрд христиан. ^[2]Христиандардың басым бөлігі Исаның Құдайдың ұлы және Көне өсиетте айтылған адамзатты құтқарушы екеніне сенеді. Сондықтан христиандар Исаны Христ немесе Мессия көреді.
- Христиан теологиясы Христиандықты ұстанушылар мойындаған экумендік сенімдерді негізге алады.

- Христиан дінін ұстанушылар бұл дінді адамдар ойлап тапқан жоқ, ол адамзатқа құдайдың жіберген діні дейді. Бірақ діни ілімдердің салыстырмалы тарихы христиан дінінің пайда болуына діни, философиялық, этикалық ықпалдардың болғанын айғақтайды.
- Христианшылдық иудаизмнің, митраизмнің, көне шығыс діндерінің философиялық көзқарастарының тұжырымдамалық идеяларын игеріп, қайта қарастырды. Осының бәрі жаңа дінді байытып, нығайтты, оны ұлттық-этностық мәдениеттерге қарсы тұруға дәрменді мәдени-интеллектуалдық күшке, бұқаралық қозғалысқа айналдырды. Христианшылдықтың бұрынғы діни-мәдени мұраны игеруі жаңа ілімнің жалпыға танылуына мүмкіндік берді.
- Христиан ілімінің қалыптасуына Филон Александрийскийдің (б.д.б. 25-б.д. 50 жж.) неоплатонизмі мен римдік ойшыл Сенеканың этикалық көзқарастары ерекше әсер етті.

- «Әулиелер»



- **Басты христиан ағымдары**

-

Христиандар арасында сенім, діни құлшылық секілді мәселелер төңірегіндегі келіспеушіліктер алғашқы ғасырлардан-ақ басталғандықтан және Қадыкөй мәжілісінен кейін шындап бөлінушілікке ұшырады. Бұл бөліну процесінде пайда болған басты ағымдарды былайша тізіп беруге болады: **католик, православия, протестандық және монофизиттік ағымдар.**



- **Католик ағымы**

-

Католик христиан әлемінде ең көп ұстанушылары бар ағымға жатады. Бұл ағым Хз. Исаның ізбасары Петірден бастау алады. Рухани басшысы – Папа. Папа бүгінгі таңда Ватикан мемлекетінің де басшысы. Папаны кардиналдар сайлайды. Иерархияда епископтар және монахтар кардиналдардан кейін тұрады. Бұл ағымның басты-басты ерекшеліктері мынадай:

Діни басшы – Папа. Папа – Исаның ізбасары, Петірдің мирасқоры.

Папа кателікке ұрынбайды, жаза баспайды. Рим – өзге де шіркеулердің рухани орталығы және ол барлығынан беделі жоғары.

- Шіркеу әлемдік болып табылады (*католик* сөзі – әлемдік дегенді білдіреді.); одан басқа құтылар жол жоқ. Шіркеу Киелі рух тарапынан басқарылады. Інжілдердің құпия-сырын шіркеу ғана шеше алады.

Киелі рух Әке мен Ұлдан пайда болады.

Исаның бойында тәңірлік және адамдық екі түрлі табиғат бар.

Әдет-ғұрыпқа тыйым салынбайды.

- Иса сияқты Мәриям да күнәдан пәк. Бойға біткен басты күнәдан аулақ. Мәриям Құдай тағаланың қасында адамдарға шапағат етеді. Ол қазір көкте (197).

Әулиелер де Тәңірдің алдында шапағат етеді. Олардың суреттері мен қасиетті аманаттарына құрмет көрсетіледі. Аттарына күн сайын салтанатты рәсім ұйымдастырылады.

- Адам басты күнәні бойында арқалап жүреді. Адамның күнә жасауы табиғи нәрсе. Күнәға бір табан жақындау. Ең маңыздысы күнәдан арылу. Бұл, күнәдан арылу бөлмесінде попқа күнәні мойындау арқылы орындалу керек. Балиғат жасына жеткен әрбір христиан жылына ең кемі бір мәрте күнәдан арылып тұруы 1215 жылы Латеран мәжілісінде қабылданды.

Сакраменттер – жетеу. Монахтар қауымы үйленбейді. Шіркеуде қиылмаған неке – некеге жатпайды. Ажырасқаннан кейінгі жерде басқа біреумен үйлену зинақорлық (некесіз қатынас) саналады. Шомылдыру рәсімі сумен орындалады. Аталмыш рәсімнен өтпей тұрып өлген адам мәңгілік тозаққа кіретін болады. Евхаристия діни рәсінде нанға ашытқы салынбайды.

Жиырма бір мәжілісті және оның шешімдерін қабылдайды.

Жұма күні ет және майлы тағамдар жемейді. Тұншығып немесе қылқынып өлген жануардың еті мен қанын адал санайды.

Ақыреттегі әділетті сотты, пейіш-тозақты және аралық мекенді (жаннат не тозаққа бармаған адамдар жиналатын мекен) мойындайды.

Құлшылық тілі – латын тілі. (1965 жылы II Ватикан мәжілісінде әр түрлі тілдерде орындауға рұқат берілді).

- **Католиктер Құдай мен адам қатынасын заңдық тараптан қарастырады; христиан жазадан құтылу үшін жақсы амалдар жасау керек. Адам өзінің күнәсінен тазаланудан гөрі одан құтылу жолының құралын ойлайды. Католиктік доктринаға сай Құдайға тән нәрселердің бәрін өзіне қайтару керек. Католикшілдікте күнәдан арылу идеясы индульгенция – күнәдан және дүниелік азаптан құтылу, крест жорығына қатысу, белгілі уақыттарда құрбандық шалу, құлшылықтар, қасиетті жерлерді зиярат жасау формасында болады. Индульгенция рәсімі папаның бекітуімен іске асады. Бұл үдерісте күнәдан арылу мен азап шегу белгілі мерзімге (40 күн) созылады. Оның ең ұзақ мерзімі 150 жылды қамтиды.**

- **Ортодоксальды ағым ПРАВОСЛАВИЕ**

- «Ортодокс» *тура көзқарас және сенім* деген мағынаны білдіреді. 1054 жылы Батыс-Шығыс болып бөлінгеннен кейін Византия ортодоксальды христиан дінінің орталығы болды. Бір-бірімен сенім мен рәсімдер жағынан ортақ нәрселері болғанындай біршама ортодоксальды шіркеулер Византияға қарайтын. 1453 жылдан кейін Ресей ортодоксальды шіркеуімен Стамбұл ортодоксальды патриархы арасында пікірталастар жүрді. Алайда 1917 жылдағы Ресей төңкерісінен кейін тоқтатылды. Ресей ортодоксальды шіркеуі патриархы болып атала бастады.

Ортодокс әлемінде үлкен төрт патриархтық бар. Олар: Стамбұл, Александрия, Антиохия және Иерусалим. Шіркеулердың басым көпшілігі осы төрт патриархқа бағынады. Бірақ дербес немесе жартылай тәуелсіз шіркеулер де бар. Монофизиттік шіркеулермен қатар, жоғарыда аталған шіркеулер бірден-бір «Шығыс шіркеулері» болып табылады. Стамбұл патриархы Фенер немесе Рим ортодоксальды патриархы деп те аталады.

- Ортодоксальды ағымның ерекшеліктері және католиктер мен басқа да христиандық ағымдардың бір-бірінен айырмашылықтары жалпы мынадай:

Рухани басшылары Патриарх.

Папаның үстемдігін, Исаның өкілі екендігін, қателеспейтіндігін мойындамайды. Киелі Рухтың Ұл арқылы Әкеден келгеніне сенеді.

Алғашқы жеті мәжілісті және оның шешімдерін мойындайды, бірақ кейінгі мәжілістерді де, шешімдерін де қабылдамайды.

- Икондарды молынан қолданады, оған құрмет көрсетеді. (икон: Исаны, Мариямды және қасиетті әулиелерді бейнелейтін ерекше тәртіппен салынған шіркеулер мен үйлердегі суреттер).

Құлшылық әр елдің тіліне қарай орындалады.

Крестерінің тармақтары бірдей болады. Солдан оңға қарай шоқынады.

Евхаристия діни құлшылығында нанға ашытқы, шарапқа су қосады.

Қуаттандыру шомылдыру рәсімінен кейін артынша орындалады.

Поптар үйлене алады. Монахтар, епископтар және патриархтарға үйленуге болмайды. Ерлі-зайыптылардың ажырасуы кейбір шарттарға қарай жүзеге асырылады.

Тозаққа не жаннатқа бармаған адам аралық мекенде қысқа уақыт қана күте тұрады. Күнәһар адам күнәсінің дәрежесіне қарай айыппұлын өтеп қателігінен құтыла алады.

- **Протестант ағымы**

-

«Протестант» сөзі – *көтерілісші, қарсы шығушы* деген мағынаны білдіреді. XVI ғасырда Мартин Лютер (1489-1546 ж.ж.) Рим католик шіркеуінің күнәні кешіру билігіне, оны оңай табыс көзіне айналдыруына, Киелі кітаптың құпия-жорамалдары мен діни үкімдерін өз мүдделеріне қарай орайластыруға, құлшылықтың латын тілінде орындалуына қарсы шықты. Олардың бұл қарсылығы өз нәтижесін берді. Протестанттар да өз пікірлерін ақтап, қолдады. Осылайша дін жолындағы реформация басталды. Соның нәтижесінде әр түрлі протестандық шіркеулер құрыла бастады. Араларында кейбір айырмашылықтары болмаса, протестандық ағымдардың бір-бірімен ортақ ерекшеліктері бар.

- Протестанттардың басқалардан бөлектеп тұратын ерекшеліктері мыналар:

1. Папаның билігін және ол мүлдем қателеспейді деген көзқарасты мойындамайды. Христиан дінін ұстанатын адамдардың барлығы бірдей тең құқылы.

2. Шіркеу Киелі кітапқа жорамалмен тәпсір жасай алмайды. Әрбір христиан Киелі кітапқа өзінше түсінік бере алады.

3. Сакраменттердің алғашқы екеуін (шомылдыру рәсімі және нан мен шарап діни құлшылығы) қабыл етеді.

4. Шіркеулерде суреттер мен мүсіндер қойылмайды.

5. Англикан шіркеуінен басқалары айқыш қолданбайды, шоқынбайды.

6. Құлшылық пен діни жоралғылар ана тілдерінде орындалады. Уағыз-насихаттарды құлшылықтың бір тармағы ретінде санайды.

- 7 Аралық мекенді (жаннатқа да, тозаққа да жатпайтын жер) және мәңгілік жазаны мойындамайды.


8. Мәриям ана туралы көзқарастары өзге ағымдарға қарағанда мүлдем басқа, оған онша маңыз бермейді.

9. Үштік сенім барлық протестанттарда да бар. Бұл жөнінде басқа христиан шіркеулерінен айырмашылығы жоқ.

10 Әулие-әнбиелерді қабыл етпейді. Әулиелер үшін шіркеулерде арнайы діни жоралғылар жасамайды.

11. Протестанттық шіркеулер: лютерандық, англикан, реформистік шіркеулер сияқты тармақтарға бөлінеді, сонымен қатар методистік, конгрегационалистік сияқты тәуелсіз шіркеулер де бар.

Несториандық христиан діні






mitropolia.kz

Православие в Казахстане

- Христиан дінінің пайда болу тарихын әртүрлі дәлелдемелермен айтады. Теориялық зерттеушілер өз тұжырымдарын тарихи, археологиялық материалдарға сүйене жасады.
- Діни философияның айтуынша, дін - Адам-Ата мен Хауа-Анадан келе жатқан құбылыс. Дін адамға туылғаннан беріледі. Ол Пайғамбарлар арқылы Алла сөзі адам баласының әулеттеріне үйретіліп келеді. Пайғамбарлар арқылы адам баласына жеткен дін адамдарды шынайы болмыстық қалпында сақтауға мүмкіншілік береді.



- Қазақстандағы христиандықтың жағдайына келер болсақ, православтықтар саны жағынан мұсылмандардан кейін екінші орында. Бүгінде республика аумағында приходтар мен шіркеулер баршылық. Қазақстанда алғашқы католиктер 1246 жылы пайда болды. Олар римдік алғашқы шіркеу қызметшілерінің тапсырмасымен ұлы хандарға католиктік миссионерлердің келуімен байланысты. Қазақ жерінде алғашқы католиктік және протестанттық қоғамдық бірлестіктердің пайда болуына поляктардың Сібірге айдалуы және неміс-католиктері мен Ресейдің еуропалық бөлігінен жер аударылуы септігін тигізді. Қазіргі таңда Қазақстанда католиктік шіркеулер жаңаруда, әсіресе республикамыздың солтүстік облыстарында бұл айқын байқалады, сенушілердің саны 150 мыңға жуық. Республикамызда протестантизм әртүрлі бағытта таралған.